

П.А. Санатбай^{1*}, Н.С. Әлқожаева², Қ.Қ. Шалғынбаева¹, М.Н. Атем³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

*e-mail: sanatbayperizat@mail.ru

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДЕ SOFT SKILLS DAҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау қазіргі қоғамның сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын және әлеуметтік интеграция мен дамуға елеулі үлес қоса алатын білікті мамандарды қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарады. Алайда, қазіргі заманғы еңбек нарығының тәжірибесі көрсеткендей, тез өзгеретін әлемде тек қатаң, техникалық дағдыларға бағдарлану болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби жетістіктерін қамтамасыз ете алмайды, soft skills дағдыларын дамытудың барабар қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты, бұл мақалада жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтерді даярлау процесінде soft skills дағдыларын дамыту шарттары келтірілген. Soft skills тұжырымдамасына талдау жасалды, әлеуметтік педагогтерге қажетті soft skills дағдылары анықталды. Soft skills дағдыларын дамыту 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасы студенттерінің болашақ әлеуметтік-педагогикалық қызметінде кәсіби табысты қамтамасыз ететін даярлаудың міндетті компоненті ретінде қарастырылды. Осыған байланысты авторлар студенттердің әлеуметтік-педагогикалық қызметін дамытуға ықпал ететін отандық және шетелдік білім беру бағдарламаларына, технологияларға, soft skills дағдыларын білім беру бағдарламаларына интеграциялау жолдарына талдау жүргізді. Мақаланың практикалық бөлімінде «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасы студенттерінің soft skills дағдыларына көзқарастарын, қатынастарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізді. Оған Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 35 студенті қатысты. Теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеудің нәтижесі soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық жағдайларын құрудың негіздемесі болып табылады.

Түйін сөздер: soft skills, дағдылар, әлеуметтік педагог, кәсіптік даярлау, даму, білім беру бағдарламасы, жоғары оқу орны.

P.A. Sanatbay^{1*}, N.S. Algozhaeva², K.K. Shalgynbayeva¹, M.N. Atem³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov, Kazakhstan, Aktau

*e-mail: sanatbayperizat@mail.ru

Conditions for the development of soft skills among future social educators

The professional training of social educators plays an important role in the formation of qualified specialists who are able to respond to the challenges of modern society and assist in social integration and human development. However, as the practice of the modern labor market shows, focusing only on “solid” subject and technical skills in a rapidly changing world cannot ensure the professional success of future social educators, there is an adequate need to develop soft skills. In this regard, the article presents the conditions for the development of soft skills in the process of training social educators at the university. The analysis of the concept of soft skills is presented, the necessary soft skills for social educators are identified. The paper considers the development of soft skills as a mandatory component of training, ensuring professional success in the future socio-pedagogical activities of students of the educational program 6B01801 – “Training of social educators”. The authors analyzed domestic and foreign educational programs, technologies that contribute to the development of students’ socio-pedagogical activities, ways to integrate soft skills into educational programs. In the practical part of the article, the results of a questionnaire are presented to identify the views of students of the educational program “Training of social educators” on the phenomenon of soft skills. 35 students of the South Kazakhstan Pedagogical University took part in it. The result of theoretical analysis and empirical research is the justification for the creation of pedagogical conditions for the development of soft skills.

Key words: soft skills, skills, social pedagogue, professional training, development, educational program, higher education institution.

П.А. Санатбай^{1*}, Н.С. Алгожаева², К.К. Шалгынбаева¹, М.Н. Атем³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау

*e-mail: sanatbayperizat@mail.ru

Условия развития навыков soft skills у будущих социальных педагогов

Профессиональная подготовка социальных педагогов играет важную роль в формировании квалифицированных специалистов, способных реагировать на вызовы современного общества и оказывающих помощь в социальной интеграции и развитии человека. Однако как показывает практика современного рынка труда ориентированность лишь на «твердые» – предметные и технические навыки в быстроменяющемся мире не может обеспечить профессиональный успех будущих социальных педагогов, возникает адекватная необходимость в развитии навыков soft skills. В этой связи в статье представлены условия развития навыков soft skills в процессе подготовки социальных педагогов в вузе. Представлен анализ понятия soft skills, определены необходимые навыки soft skills для социальных педагогов. Рассмотрено развитие навыков soft skills как обязательного компонента подготовки, обеспечивающий профессиональный успех в будущей социально-педагогической деятельности студентов образовательной программы 6В01801 – «Подготовка социальных педагогов». Авторами проведен анализ отечественных и зарубежных образовательных программ, технологий способствующих развитию у студентов социально-педагогической деятельности, путей интеграции навыков soft skills в образовательные программы. В практической части статьи приводятся результаты анкетирования для выявления взглядов студентов образовательной программы «Подготовка социальных педагогов» на феномен навыков soft skills. В нем приняло участие 35 студентов Южно-Казахстанского педагогического университета. Результатом теоретического анализа и эмпирического исследования является обоснование создания педагогических условий развития навыков soft skills.

Ключевые слова: soft skills, навыки, социальный педагог, профессиональная подготовка, развитие, образовательная программа, высшее учебное заведение.

Кіріспе

Соңғы бірнеше онжылдықтағы өндіріс жүйесіндегі елеулі өзгерістер, соның ішінде кең таралған технологиялық инновацияларға, жаһандандудың үздіксіз процестеріне және институционалдық қайта құруларға бағдарлану жоғары білікті және құзыретті мамандарға қажеттілікті туындатты. Соның ішінде әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігіне жоғары талаптар қойылуда, себебі кез келген мемлекет үшін өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік тәрбиеленуі мен дамуы, әлеуметтік және мәдени тәжірибені меңгеруі, қоғамдық өмірге бейімделуі, тұлғаның өзінің қабілетін іске асыра білуі және өзін-өзі танытуы аса маңызды.

Қазіргі таңда болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлайтын жоғары оқу орындары бүкіл әлемдегі адамдардың, тауарлардың және идеялардың ұтқырлығына байланысты өсіп келе жатқан мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында қызмет етуде, осы тұрғыда soft skills дағдылары маңызды элементке айналып, назар аудартуды қажет етеді.

Soft skills дағдылары – ресми оқу бағдарламаларына тәуелсіз, бірақ олармен сәйкес қатар дамитын, жиі бағаланбайтын құзыреттіліктер мен дағдылар. Көптеген ғалымдар soft skills ұғымын қабілеттер мен жеке қасиеттер терминдерімен сәйкестендіріп, әрбір жоғары оқу орнының түлегі өмір бойына қызмет ететін ортасының кең аумағында қолданады (José S.M., Serpa S., 2022; Shaffie F., Ali Md.R., Yusof M.F., 2016) [1, 2]. Ғалымдардың пайымдауынша soft skills дағдылары студенттер үшін жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін тек академиялық емес, сонымен бірге кәсіби мақсаттарға жетуде көмек береді деген түсінік көбеюде. Мәселен, Shaffie F., Ali Md.R., Yusof M.F. өздерінің зерттеулерінде soft skills дағдыларын әлеуметтік қызметкер мансабына енгізу кәсіби, сонымен бірге әлеуметтік құзыреттілікке жетудің ең тиімді әдісі деп болжайды. Болашақ әлеуметтік қызметкерлерді даярлайтын оқытушылардың арасында терең сұхбат жүргізу арқылы, soft skills дағдылары туралы хабардар болу өздерін бағалауға және әлеуметтік қызметкер немесе оларды даярлайтын оқытушы ретінде өзбетінше

кемелденуге белсенді ұмтылудың жолдарын анықтауға, осының салдарынан өздерінің қызмет саласында табысты жұмыс істеуге мүмкіндіктер туғызатынын анықтады.

Демек, жоғары оқу орындарының оқытушылары студенттердің бойында академиялық білімдер немесе hard skills дағдыларын ғана емес, сонымен бірге жұмсақ немесе soft skills дағдыларын міндетті түрде дамытуды көздеуі қажет және осы тұрғыдан оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын қайта қарастыру керек. Себебі әлеуметтік педагогтерге баланың жеке басының дамуына қолайлы жағдайлар жасау (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық), балаға әлемді қабылдау және оған бейімделу процесінде өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға кешенді көмек көрсету, баланы оның өмір сүру кеңістігінде қорғау, отбасы мен мектеп арасында серіктестік орнату жүктеледі.

Soft skills дағдыларының маңыздылығын ескере отырып, оларды жоғары оқу орындарында болашақ әлеуметтік педагогтерде дамыту белгілі бір шарттарды ұстанғанда ғана тиімді болуы мүмкін. Шарт ретінде белгілі бір нәрсе тәуелді болған жағдай немесе бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдаят қарастырылады (Философский словарь, 1999) [3, 67]. Мақала көлемінде жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын дамытудың шарттары анықталды. Зерттеу нысаны ретінде әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісі қарастырылады. Зерттеу пәні – әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытудың шарттары. Зерттеу мақсаты – жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытудың шарттарын анықтау және негіздеу. Осы мақсатқа сай мақала көлемінде soft skills ұғымының мазмұнына қысқаша теориялық шолу берілді; шетелдегі жоғары оқу орындарында оқу жоспарлары мен бағдарламаларына soft skills дағдыларын дамытуды енгізу тәжірибелері талданды; отандық жоғары білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауда soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары негізделді. Зерттеу болжамы – егер болашақ әлеуметтік педагогтердің soft skills дағдыларын дамыту белгілі бір шарттарды ұстанғанда ғана тиімді болса, онда осы шарттарды ғылыми негіздеу қажеттілігі туындайды, өйткені заманауи еңбек нарығында soft skills дағдылары іргелі талаптар және қоғамның әмбебап қажеттіліктері ретінде қарастырылады.

Әдебиетке шолу

Жаһандану, халықаралық кіріктіру, цифрландыру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне жоғары талаптар қойылады, ал ол өз кезегінде студенттердің бойында көптеген дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруды, дамытуды қажет етеді, соның ішінде soft skills дағдыларын дамыту аса маңызды қажеттілік. Әлеуметтік педагогикалық қызмет саласының кәсіби ерекшеліктеріне байланысты болашақ әлеуметтік педагогтер үшін soft skills дағдылары елеулі рөл атқарады. Бұл қызметтегі мамандардың жетістігі тікелей қоғамда балалар мен ересектердің профилактикалық, әлеуметтік маңызды қызметін сәтті ұйымдастырумен байланысты болғандықтан, ол маманның бойынан көптеген сапалар мен қасиеттерді талап етеді: коммуникативтілік, рефлексивтілік, ықыластық, қамқорлық, эмпатия, эмоцияларды басқара алу, шыдамдылық, мейірімділік, теңтүпнұсқалылық, өнегелілік және т.б. Осы мақсатқа жету үшін жоғары оқу орындары оқу үдерісі барысында студенттерде soft skills дағдыларын дамытуға назар аударуы қажет. Себебі soft skills дағдылары студенттердің тұлғасымен айқындалмайды, ол оқу үдерісі және тәжірибе барысында дамып, жетіле түседі. Заманауи еңбек нарығында жоғары оқу орнында кәсіби даярлау үдерісі кезінде барлық білімді меңгерген маман емес, қажетті білімді тез игеретін, жаңа жағдайларға тиімді бейімделе алатын және стандартты емес шешімдерді таба білетін маман аса құнды.

Soft skills дағдыларын әлеуметтік дағдылар, әмбебап дағдылар немесе атқарушылық дағдылар ретінде сипаттайды. Қазіргі таңда ғылымда soft skills ұғымына бірмағыналы түсініктеме берілмеген.

Оксфорд сөздігінде soft skills ұғымы басқа адамдармен тиімді және үйлесімді әрекеттесуге мүмкіндік беретін адамның тұлғалық қасиеттері деген анықтама беріледі (Oxford English Dictionary, 2005) [4].

Soft skills – өзінің жұмыс орнына ендіре алатын және ұқсас дағдылар мен тәжірибелерге ие адамды басқалардан ерекшелендіретін тұлғалық сапалар, атрибуттар, таланттар немесе мақсаткерліктің деңгейінің жиынтығы (Perrelaut H., 2004) [5].

Soft skills эмоциялар мен ойлаудың оңтайлы үйлесімі және сезімдерді сәйкестендіру, түсіну, пайдалану және оларды басқару қабілетінен тұрады (Khaouja I., Mezzour G., Carley K. M., Kassou I., 2019) [6].

«Soft Skills» тұжырымдамасы батыстың педагогикалық ғылымында 2000 жылдардан бастап белсенді түрде дамып келеді. Соңғы он жылдықта батыс елдерінде әртүрлі білім беру деңгейлеріндегі білім беру стандарттарына, оқу жоспарларына «soft skills» енгізу жөнінде әртүрлі халықаралық және мемлекеттік бағдарламалар жасалануда.

Отандық ғылымда «soft skills» ұғымына бірегей тұғырдың негізінде берілген анықтама жоқ. Дегенменде soft skills ұғымын кәсіби құзыреттіліктерді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдылардың, тұлғаның сапалары мен атрибуттарының жиынтығы ретінде қарастырылады.

С.Н. Бацунов пікірінше, педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде soft skills дамыту үшін арнайы шарттар құрып, олар тұлғалық қасиеттер мен сапалардың түрлендіруіне сеп-түрткі туғызып, ал soft skills дағдылары өз кезегінде педагогикалық қызметте кәсіби жетістіктің деңгейін көтеру үшін қажетті фактор.

Е.В. Набиева, В.И. Байденко, Э.Ф. Зеер, Ю.Г. Татур, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Дж.Равен және т.б. құзыреттілік тұғырдың негізгі қағидаларын қарастырған. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ж.Ж. Турсынова, Б.Т. Кенжебеков, К.С. Құдайбергенова және т.б. зерттеді.

Soft skills дағдыларын білім алушыларда қалыптастыру және оларды зерттеу мен дамыту мәселелерін зерттеуге Д.С. Ермаков, Ж.А. Амантай, Ж.И. Сардарова және т.б. отандық ғалымдар өз үлестерін қосты.

Л.Л. Отарбаева, М.Т. Адилханова soft skills педагогикалық қызмет аспектісі тарапынан зерттеп, Ақтөбе облысының бастамашыл педагогтерінің қатысуымен «Заманауи мұғалімнің тәжірибесіне Soft Skills технологияларын ендіру» тақырыбында 2021 жылдан бастап тәжірибелік-эксперименталды алаң ұйымдастырды (Отарбаева Л.Л., Адилханова М.Т., 2021) [7].

Кейбір авторлар (Ю.М. Давлетшина, А.И. Ивоина, О.Л. Чулпанова, Х.А. Шайхутдинова, Дж. Эндрю, М.Ш. Хамзан, Х.Хигсон, А.Джаффар, М.Набисшах, Ч.Тан, С.Тонг, М.С. Веласко және т.б.) soft skills дағдыларын жоғары білім беру жүйесінде және кәсіби даярлау үдерісінде қалыптасу ерекшеліктерін зерттей келе, болашақ маманға қажетті және оның кәсіби жетістігін қамтамасыз ететін фактор ретінде анықтады.

Зерттеушілер soft skills ұғымын өздерінің қабылдауы мен ғылыми қызығушылықтар аясы призмасы арқылы қарастырады және анықтайды. Дегенмен, барлық анықтамалар ішінара өзара және кейбіреулері бір-бірімен тығыз байланысты.

Арбатская Е.А., Тарханова Е.Г. зерттеулерінде soft skills ұғымына қатысты Elibrary ғылыми электронды кітапхана бойынша әртүрлі авторлардың анықтамаларына талдау жасалу арқылы жалпы ұғымдар анықталып, сол ұғымдардың қайталану жиілігі айқындалды. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, soft skills термині бойынша «дағды», «сапа» және «құзыреттілік» ұғымдары жиі қолданылды. Ғалымдардың пайымдауынша soft skills терминіне қатысты жалпы ұғымдардың әртүрлілігі терминологиялық тұрғыда айқын еместігін және теориялық базасының жеткілікті қалыптаспағанын көрсетеді (Арбатская Е.А., Тарханова Е.Г., 2020) [8]. Алайда бұл soft skills дағдыларының болашақ мамандарды даярлауда маңыздылығын төмендетпейді.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу арқылы soft skills ұғымының негізгі ережелері айқындалды, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметте бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін студенттердің жоғары оқу орындарында кәсіптік оқыту барысында ие болған кәсіби және әлеуметтік дағдылардың жиынтығы ретінде анықталады.

Көптеген зерттеулер нәтижелері soft skills дағдыларының қызметкерлердің әртүрлі салаларда, әртүрлі мамандықтарда және әртүрлі мекемелерде жұмыс істеуі мен жетістікке жетуі үшін аса маңызды екенің дәлелдеді (Yao M., Zhou X.Y., Xu Z. J., Lehman R., Haroon S., Jackson D., Cheng K.K., 2021; Schott C., Roekel H., Tummers L.G., 2020; Pang Y., Wu Q., Bi J., Wang J., 2021) [9; 10; 11].

Soft skills дағдыларының еңбек нарығында маңыздылығын ескере отырып, Вена университетінің қабырғасында Petra Oberhumer 2012 жылдың 25 мамырында «Soft Skills аккредиттеу арқылы жоғары білім беруді жаңғырту» (ModES) жобасын ұсынды (Oberhumer P., 2012) [12]. ModES жобасының жалпы мақсаты студенттердің профильдерін байыту үшін академиялық бағдарламаларға/курстарға еңбек нарығында қажетті soft skills дағдыларды біріктіруді қолдау болып табылады. P.Oberhumer бойынша soft skills – бұл когнитивті және метакогнитивті дағдылардың, тұлғааралық дағдылардың, интеллектуалды

және практикалық дағдылардың динамикалық үйлесімі. Soft skills дағдылары адамдарға бейімделуге және позитивті болуға көмектеседі, осылайша олар өздерінің кәсіби және күнделікті өміріндегі қиындықтарды тиімді шеше алады. Осы жобаға сай заманауи soft skills дағдыларын үш аспект тұрғысынан қарастыруға болады:

1) тұлғалық: оқыту дағдылары; стресске төзімділік; өмір балансы;

2) әлеуметтік: коммуникация; топтық жұмыс; байланыс желісі; келіссөздер; қақтығыстарды басқару; басшылық; мәдениетке бейімделу;

3) әдістемелік: клиентке/пайдаланушыға бағдарлану; үнемі жетілдіру; өзгерістерге бейімделу; нәтижелерге бағдарлану; талдау дағдылары; шешім қабылдау; басқару дағдылары; зерттеу жүргізу және ақпаратты басқару дағдылары (Oberhuemer P., 2012) [12].

Қазақстан және ТМД елдерінде салыстырмалы түрде soft skills мәселесіне ғылыми назар соңғы онжылдықта аударылуда, сол себепті қазіргі таңда болашақ әлеуметтік педагогтерге қажетті soft skills тізбегі бойынша зерттеулер жоқтың қасы. Осыған орай, мақала көлемінде шетелдегі зерттеулерге талдау жүргізілді:

1) Малайзия Утара университетіндегі әлеуметтік қызметкерлерді даярлайтын педагогтерге терең сұхбат өткізу арқылы, болашақ мамандардың бойында қажетті soft skills дағдыларын айқындады: коммуникативті дағдылар; рефлексивті дағдылар; ықыластылық, қамқорлық; сыни тұрғыдан ойлау дағдысы; топта жұмыс істеу дағдысы; лидерлік қасиеттер (Shaffie F., Md-Ali R., Yusof F.M.) [13].

2) Шотландия еліндегі білім беру мекемелеріндегі болашақ әлеуметтік қызметкерлерде келесі soft skills дағдыларының болуын талап етеді: оң кәсіби қарым-қатынас дағдылары; қайшылықты теңестіре білу дағдылары; тиімді, сезімтал жұмыс істеу біліктері; әлеуметтік мәселенің салдарын түсінуге қабілетті болу дағдылары; топта тиімді жұмыс істеу дағдылары; дәлелдер мен ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары; тиімді көмек пен серіктестік қарым-қатынас дағдылары; тұлғааралық және тұлғайшілік қақтығыстарды шешу дағдылары (The framework for Social Work education in Scotland, 2003) [14].

3) АҚШ-тың білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік қызметкерлерге қажетті soft skills дағдыларының тізбегі: белсенді тыңдау; қарым-қатынас дағдылары; эмпатия; шекараларды белгілеу; сыни тұрғыдан ойлау; уақытты басқару;

мәдениет туралы хабардар болу (Soft Skills for Social Workers, 2023) [15].

Аталған зерттеулерді талдаудың негізінде әлеуметтік педагогтер үшін soft skills дағдыларының маңыздылығы айқындалды және болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде оқу бағдарламасы аясында осы дағдыларды дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласындағы ресми білім берудің маңыздылығы белгіленді.

Soft skills дағдыларын ғалымдар болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби әлеуметтенуінің бір бөлігі ретінде де қарастырады және маманның кәсіби, әлеуметтік құзыреттілікке жетуін қамтамасыз етеді (Millar A., Devaney J., Butler M., 2019) [16].

Soft skills дағдыларын жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлау кезінде дамыту қажет екені хақ. Сол себепті жоғары білім берудің оқу бағдарламаларына soft skills дағдыларын енгізу мәселесі бірнеше зерттеулерде қарастырылған. Мәселен:

- АҚШ-тың Мичиган және Флорида жоғары оқу орындарындағы денсаулық сақтауды басқару бағдарламасының түлектерінде soft skills құзыреттіліктерін дамыту (Green-Weir R.R., Anderson D., Carpenter R.);

- Израиль мемлекетінің білім беру, денсаулық сақтауды басқару, әлеуметтік жұмыс бағытындағы бакалавр ағымындағы студенттерге қалыптастырушы бағалау бойынша кері байланыс әдістерімен сүйемелденетін құзыреттіліктер негізінде оқыту тұлғалық, әлеуметтік, әдістемелік soft skills дағдыларының дамуына оң әсері (Alta D., Naamati-Schneider L., Weishut D.J.N.)

- АҚШ-тың орта батысындағы жоғары оқу орындарындағы белсенді оқыту технологиялар, топтық жобалар қолдану, құрдастарымен мағыналы қарым-қатынас орнату негізінде студенттердің soft skills дағдыларын жетілдірудің қолайлы ортасын құру (Stalp M.C., Hill S.);

- soft skills дағдыларын дамытуда жоғары білім беру жүйесінің маңыздылығы мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына soft skills дағдыларын кіріктіру (Almeida F., Morais J.);

- Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» бакалавриат ағымындағы білім беру бағдарламасында университет жағдайында soft skills дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері, оқу үдерісінің мүмкіндіктері мен soft skills

дағдыларын тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Айжанова Г.К.);

- Украина еліндегі ғалымдар жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын дамыту тәжірибесін зерттеп, оларды дамыту мен қолдану мәселелерімен тікелей байланысты академиялық нормаларды сақтау мәселелерін талдап, жоғары оқу орындарында тек аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге тақырыптық орталықтарда да жүргізілуі қажет деген ұсыныстар берілді (Визнюк В., Ткачук И., Сосновенко Н.).

Бұл зерттеулер білім беру жүйесінде soft skills дағдыларын дамыту, оқу бағдарламаларына кіріктіру мәселесі қиын міндеттердің бірі екенің нақтылайды. Себебі, өзгермелі қоғам жағдайында еңбек нарығына қажетті soft skills дағдыларының көбісі бүгінгі оқу жоспарларында тіпті қарастырылмайды. Жоғары оқу орындарының көбісі өздерінің бағдарламаларын техникалық және пәндік дағдыларға бағыттайды, ал қазіргі қоғам өз кезегінде шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлай алатын, топтың мүшесі бола алатын, өзінің дамып-жетілуіне жауапкершілік ала алатын, топ пен қоғамда оқытуға жағдай жасай алатын, айтарлықтай басқару қабілетіне және жақсы қарым-қатынас дағдыларына ие «идеалды түлектерді» қажет етеді. Осы soft skills дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары когнитивті қабілеттермен қатар тұлғалық дамудың элементтерінің маңыздылығын ескеруі тиіс, яғни әрбір мамандықтың іргелі білімдерінен бөлек, оқыту теориясы, әлеуметтік психология, мінез-құлық, қарым-қатынас, фасилитация, ұйымдастыру мен басқару ғылымдарын қамту қажет және де олар тұжырымдамалық тұрғыдан түсініліп іс жүзінде игерілуі керек.

Осы орайда, оқу бағдарламасына тұлғалық дамудың элементтерін енгізу оқытушылардан жаңа идеялар мен құзыреттіліктерді талап етеді. Сонымен бірге оқу бағдарламасына soft skills дағдыларын қамтитын жаңа курстарды енгізу қажет деген ой туындауы мүмкін. Бірақ зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ең оңтайлы тәсіл бұл – бар курстарға soft skills дағдыларын кіріктіру, оларды дамытатын оқыту әдістерін, тәсілдерін қолдану, педагогикалық шарттарды айқындау. Яғни, soft skills дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызатын педагогикалық шарттарды негіздеу – қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Мақала көлемінде, шарттар – болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытуды көздейтін педагогтің саналы түрде

құрған педагогикалық, кәсіби даярлау үдерістің барысына әсер ететін сыртқы жағдайлар.

Hue Tran Thi Вьетнам елінің педагогикалық жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын оқу үдерісіне ендірудің, кіріктірудің бірнеше шарттарын ұсынады: біріншіден, студенттердің оқу бағдарламасына soft skills стандартын интеграциялау; екіншіден, болашақ мамандар үшін soft skills дағдыларының маңыздылығы туралы жоғары оқу орынның қызметкерлеріне, оқытушыларына және студенттеріне қажетті ақпараттарды жеткізу; үшіншіден, студенттерде soft skills дағдыларын дамытуды ұйымдастыру жұмыстарын жаңарту; төртіншіден, soft skills дағдыларын дамытуға арналған іс-шараларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. Ғалымның пайымдауынша, осы аталған шарттарды негіздеу және синхронды шешімдер қабылдау студенттерге еңбек нарығында қажетті soft skills дағдыларын дамыту мүмкіндігі жоғарылайды (Thi H.T., 2023) [17].

Біздің мәселеге қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, зерттеулерді талдау арқылы, болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын тиімді дамыту келесі педагогикалық шарттарды құру арқылы жүзеге асырылады:

1. Soft skills дағдыларын кәсіби маман даярлаудың маңызды компоненті ретінде «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының мазмұнына интеграциялау.

Мәселен, бірнеше елдер soft skills дағдыларын міндетті түрде дамытуды қажет ететін дағдылардың қатарына ресми, нормативті құжаттарға енгізген, басқа елдерде бұл тек қызығушылық танытқан студенттер үшін сұраныс бойынша қосымша сабақ ретінде өткізіледі. Екі жағдайда да университеттер soft skills дағдыларын дамыту курстары мен іс-шараларын ұйымдастырады. Кейбір жағдайларда студенттер бұл курстарды өздері ұйымдастырады, мысалы, Польшада студенттік кәсіподақтардың өздері soft skills дағдыларды үйрету шараларын ұсынады. Soft skills дағдыларын дамыту белгілі бір пәнге сәйкес келетін әдеттегі курсқа енгізілуі мүмкін немесе оларды жекелеген мамандандырылған іс-шаралар шеңберінде оқытуға болады (курстар ғана емес, сонымен қатар жобалық жұмыстар, сапарлар, саяхаттар және т.б.) (Санатбай П.А., Шалғынбаева Қ.Қ., Тауекелова А.Е., 2023) [18].

2. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларында болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытуға даярлығы.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарда soft skills дағдыларын дамытуда оқытушыларға көп жауапкершілік артылады. Себебі, жоғары оқу орындарында оқыту үдерісі кезінде студенттерде soft skills дағдыларын дамытуда үлкен септігін тигізеді, сол себепті оқытушылардың өздерінде осы дағдылар жоғары дамыған деңгейде болуы шарт. Дегенмен, Т.А. Яркова, И.И. Черкасова жұмыстарының негізінде, әлемдік тәжірибеде болашақ мамандарды даярлауда hard және soft skills дағдыларының тығыз бірлікте дамытуға бағытталғанымен, зерттеу жүргізу нәтижесінде оқытушылардың көп бөлігі soft skills дағдыларының кәсіби қызметте жоғары сұранысқа ие болғанымен, оқыту үдерісінде оларды дамытуға даярлықтары төмен деңгейде (Черкасова И.И., Яркова Т.А., 2016) [19]. Жоғары оқу орындарының оқытушылары өздерінің студенттерінде soft skills дағдыларын белсенді түрде жаттықтыру тиіс. Ол үшін ұтымды тәсіл – hard skills дағдыларды оқыту үдерісіне soft skills дағдыларына оқытуды кіріктіру. Бұл тәсілдің жағымды салдары ретінде оқыту үдерісіне қызығушылық тудыртады және болашақ мамандардың білім деңгейін жоғарлатады. Әрине бұл нәтижеге жету тікелей оқытушының бойындағы дамыған soft skills деңгейіне тікелей байланысты.

3. Болашақ әлеуметтік педагогтерге soft skills дағдыларының маңыздылығын және қажеттілігін қалыптастыру.

Мәселен, 2019 жылы W.Teng әр түрлі елдердің жоғары оқу орындарындағы және дайындықтың әртүрлі бағыттарындағы студенттердің арасында сауалнамалар жүргізу арқылы олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін soft skills дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын түсіне бастағанын анықтады (Teng W., 2019) [20]. Сол себепті көптеген елдерде жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын дамытудың маңыздылығы жөнінде ақпараттар жиі айтылады, таратылады. Soft skills дағдыларына болашақ мамандар тарапынан немқұрайлық, оларды бағалаудың мүмкін еместігінен туындауы әбден ықтимал. Бірақ зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, тәжірибе барысында студенттердің көп пайызы осы дағдылардың жетіспеушілігін сезініп, олардың маңыздылығын түсіне бастайды.

4. Болашақ әлеуметтік педагогтерде қажетті soft skills дағдыларының тізбесін анықтау.

Жоғарыда біз шетелдердің әлеуметтік педагогтердің (қызметкерлердің) тарапынан талап ететін soft skills дағдыларының тізбесін ұсынған болатынбыз. Салыстырма талдауға сүйене отырып, біз өзіміздің әлеуметтік педагогтердің soft skills дағдыларының таксономиясын ұсынамыз:

- тұлғалық дағдылар: өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерге көмек беру қабілеті; үлкен ақылақтық (моральды) жүктемені көтеру қабілеті; мейірімділік; сезімталдық; нақты ойлау алу білігі; өзін-өзі реттеу және өзіндік тәртіп; стресске төзімділік;

- әлеуметтік дағдылар: коммуникативті дағдылар мен біліктер; конфликті жағдаяттарды шеше білу қабілеті; эмоционалды және әлеуметтік интеллект; клиентке бағдарлану дағдысы; әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару қабілеті;

- әдістемелік дағдылар: креативтілік/инновация; шешімді қабылдау дағдысы; талдау дағдысы; басқарушылық дағдысы; өзгермелі қоғам жағдайына бейімделе алу қабілеті; үнемі жетілу дағдысы; зерттеуді жүргізу және ақпаратты басқару дағдысы.

5. Soft skills дағдыларын дамытудың әдіснамалық тәсілдемелерін әзірлеу.

Бүгінгі таңда сыртқы ортаның үздіксіз өзгерістерінің әсерінен жоғары оқу орының түлектері бір жағынан жеке тұлға ретінде, кейін қоғамның ілгермелі дамуын, ал екінші жағынан оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлататын тұлғалық сапалар, біліктер мен дағдылардың жиынтығына ие болу керек. Яғни, болашақ мамандар жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау үдерісі кезінде-ақ, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қандай дағдылар мен біліктерге ие болу керектігін білуі тиіс. Жоғарыда атап өткеніміздей, болашақ мамандардың кәсіби даярлығының сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі тек кәсіби білімдерге, біліктерге, дағдыларға ғана тікелей байланысты емес, сонымен бірге soft skills дағдыларына да қатысты. Яғни осы орайда жоғары оқу орындарына қойлатын бапты талаптарының бірі болашақ мамандарда soft skills дағдыларын дамытуға қажетті шарттар мен мүмкіндіктерді тудырту.

Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде шетел жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын дамытуға көбірек назар аударылады. Шетел тәжірибесіне талдау жүргізу арқылы soft skills дағдыларын дамыту мақсатында оқыту үдерісінде келесі инновациялық педагогикалық технологиялар қолданылады:

- бірінші курстан бастап, проблемалық бағдарланған және жобалық-ұйымдастырылған оқытуға бейілділік;

- кәсіби бағытталған іс-шаралар: семинарлар, тренингтер, жазғы тақырыптық мектептер, халықаралық жобалар;

- оқытудың интерактивті әдістері: топтық пікірталас, кейс-стади, рөлдік және іскерлік ойындар, пікірсайыс;

- мотивация, көшбасшылық, менеджмент, командадағы жұмыс, уақытты басқару, презентациялар өткізу, жеке даму бойынша тренингтер;

- кәсіпорындар мен компаниялардағы тағылымдамалар;

- волонтерлік қызмет, интервизия, супервизия;

- білім беру мекемелерімен желілік өзара іс-қимыл жобаларын іске асыру.

Демек, студенттердің soft skills дағдыларын дамытуда, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда табысқа жетудің кілті – бірінші курстан бастап, практикада осы дағдыларды жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жоғары оқу орында ерекше білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады.

Материалдар және әдістер

Қойылған болжамдарды тексеру мақсатында мақалада салыстырмалы және жалпылау әдістері, әдебиеттер мен әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауға қатысты нормативті құжаттарды талдау қолданылды. Зерттеу әдістері әлеуметтік педагогтің қызметінің ерекшеліктеріне сай soft skills дағдылар тізбесін құру, шетел елдерінің soft skills дағдыларын жоғары оқу орындарында оқу жоспарлары мен бағдарламаларына кіріктіру тәжірибесіне шолу барысында қолданылды. Эксперименталды әдістерді нормативті құжаттарға талдау, студенттер арасында сауалнама жүргізу кезінде пайдаланылды. Сауалнамаға Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттері қатысты. Нәтижелерді жалпылау орташа арифметикалық және пайыздық арақатынасты есептеу арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Soft skills дағдылары құзыреттіліктерді арттырып, тиісінше қоғамның дамуы мен

трансформациясын ілгері дамытуда адамның қабілетін ұлғайтады. Әрине, бұл дағдыларды дамыту болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде бастау алғаны орынды. Жоғарыда атап өткеніміздей soft skills дағдыларды тиімді дамыту педагогикалық шарттарды негіздеуге тікелей байланысты. Осы нәтижеге жету мақсатында:

1) 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасына талдау жүргізілді;

2) 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттерінен сауалнама алынды.

«Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына soft skills дағдыларымен байланысты пәндерді қосу туындаған мәселені формальды тұғыр арқылы шешу. Бакалавр деңгейінде болашақ әлеуметтік педагогтер үшін басқару дағдылары, коммуникативті дағдылар, сыни тұрғыдан ойлау, эмоционалды және әлеуметтік интеллект бойынша курстарды жүргізуге болады. Дегенмен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасын «Кәсіби лидерлік негіздері», «Дизайн ойлау», «Адамның сандық мінез-құлқы», «Конфликтология негіздері», «Кікілжің жағдайларды шешу техникасы мен технологиясы» сияқты soft skills дағдыларына қатысты курстар жеткілікті (6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасы, 2022) [21]. Болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытудың жақсы тәсілі – hard skills дағдылармен интеграцияда оқыту. Бұл тәсіл оқу жоспарына ешқандай өзгерістер енгізуді қажет етпейді. Оның орнына оқытушылардың оқыту әдістемесінде өзгерістер орын алады. Мәселен, топтық дискуссиялардың санын көбейту, кәсіби дағдыларды қалыптастыратын пәндерде интервизияны, тәжірибе барысында супервизияны жүргізу мүмкіндігін тудырту, студенттерге презентациялар әзірлеуге мүмкіндік беру және курс бойына арнайы әдістемелерді қолдану және т.б. Soft skills дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты бұл тұрғы білім беру бағдарламаларындағы hard skills дағдыларына қатысты курстарға қайта мән аударуды және қайта жоспарлауды қажет етеді.

Soft skills дағдылары жоғары оқу орындары үшін оқытушылар мен студенттердің болашақ қабілеттерін бағалауда ең жедел құралдар мен

әдістер болып табылады. Жоғары оқу орнының оқытушылары оқыту үдерісін іске асырушы субъекті, ал оқыту/сабақ беру – бұл көп қырлы қызмет және кең көлемдегі білім мен біліктерді, сонымен бірге осы қызметті сәтті іске асыру үшін hard және soft skills дағдыларын талап етеді. Оқытудың өзі әлеуметтік қызмет болып табылады, сол себепті де оқытушы мен студенттер арасында біріккен қарым-қатынастан құралады. Бұл шарт «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасында оқыту үдерісін іске асыратын профессор-оқытушылар құрамымен терең сұхбатты өткізіп, soft skills дағдыларының деңгейін анықтауды қажет етеді. Бұл мәселе жеке зерттеудің пәні болғандықтан және біздің зерттеу жұмысымыздың шеңберінен

асып кеткендіктен, біз тек теориялық түрде қарастыруды жөн көрдік.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттерімен сауалнама жүргізілді. Сауалнама 19 позициядан тұратын үш бөлімнен құралған, әрбір бөлім бойынша респонденттер өз пікірін білдірді. Бірінші бөлімде студенттер өз көзқарастары бойынша болашақ әлеуметтік педагогтерге қажетті soft skills дағдыларын таңдады. Екінші бөлімде респонденттер университетте оқу барысында осы дағдылардың мақсатты дамуын бағалады. Үшінші бөлім дағдыларды игеру орнын – жоғары оқу орны немесе басқа орынды көрсете отырып, өзін-өзі бағалауды көздеді (Кесте 1).

1-кесте – 2 курс студенттерінің өнімді кәсіби іс-әрекеті үшін маңызды soft skills дағдыларын өзіндік бағалаулары

Soft skills дағдылары	Аса маңыздылары	Жоғары оқу орнында оқу процесінде дамитын дағдылар	Аталған дағдыларды меңгеру		
			Ия, жоғары оқу орнында оқудың арқасында	Ия, бірақ жоғары оқу орнының еңбегі емес	Жалпы саны
өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерге көмек беру қабілеті	90,4	49,6	44,4	51,5	95,9
моральды жүктемені көтеру қабілеті	65,2	27,4	34,8	51,5	86,3
Мейірімділік	78,5	17,8	17,8	78,5	96,3
Сезімталдық	51,5	17,8	17,8	71,1	88,9
нақты ойлау алу білігі	63,7	51,5	65,2	33,3	98,5
өзін-өзі реттеу және өзіндік тәртіп	71,1	25,9	36,6	51,1	87,7
стресске төзімділік	65,2	17,8	25,9	71,1	90
коммуникативті дағдылар мен біліктер	88,1	54,8	41,5	54,8	96,3
кикілжің жағдаяттарды шеше білу қабілеті	88,1	63,7	54,8	36,6	91,4
эмоционалды және әлеуметтік интеллект	80	36,6	44,4	54,8	99,2
клиентке бағдарлану дағдысы	78,5	65,2	63,7	34,8	98,5
әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару қабілеті	88,1	71,1	66,7	27,4	94,1
креативтілік/инновация	54,8	34,8	44,4	51,5	95,9
шешімді қабылдау дағдысы	78,5	25,9	27,4	54,8	82,2
талдау дағдысы	49,6	51,5	54,8	44,4	99,2
басқарушылық дағдысы	80	71,1	78,5	17,8	96,3
өзгермелі қоғам жағдайына бейімделе алу қабілеті	51,5	27,4	36,6	51,5	88,1
үнемі жетілу дағдысы	71,1	49,6	51,5	27,4	78,9
зерттеуді жүргізу және ақпаратты басқару дағдысы	44,4	63,7	54,8	36,6	91,4

Респонденттердің көп бөлігі келесі дағдыларды жоғары бағалады: «өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөпірімдерге көмек беру қабілеті» (90,4%), «коммуникативті дағдылар мен біліктер» (88,1%), «конфликті жағдаяттарды шеше білу қабілеті» (88,1%), «әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару қабілеті» (88,1).

Респонденттер (11 позиция бойынша 50% дан аз) бұл дағдылар университетте оқу кезінде мақсатты түрде дамиды деп санайды. Сарапшылардың айтуынша, оқытушылар оқу материалын игеруде оқытудың тиімділігін алғы қатарда көреді де, нәтижесінде soft skills дағдыларын дамыту екінші орынға шығады. Сабақтарды өткізудің бұл тәсілін студенттер сөзсіз байқайды.

Қатысушылардың көпшілігі белгілі бір дағдыларға ие деп санайды. Жалпы жоғары нәтижелерге қарамастан, 19 позицияның 11-сі бойынша қатысушылар өздерінің дағдыларын университетте оқумен байланысты емес, басқа жерлерде алынғанын көрсетті. Университетте оқудың арқасында студенттер нақты ойлау алу білігі, коммуникативті дағдылар мен біліктер, конфликті жағдаяттарды шеше білу қабілеті, клиентке бағдарлану дағдысы, әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару қабілеті, басқарушылық дағдысы, үнемі жетілу дағдысы, зерттеуді жүргізу және ақпаратты басқару дағдысы дамиды деп тұжырымдайды. Студенттердің пікірінше, қалған дағдылар жоғары оқу орнында оқу барысында тиісті дәрежеде дамымайды. Оқытушылар soft skills дағдыларын дамытуға аз көңіл бөледі, ал студенттер жоғары оқу орнында оқуды жұмысқа орналасу дағдыларын дамытумен байланыстырмайды.

Студенттерде soft skills дағдыларын дамытуға әсер ететін технологиялар іріктелді және де болашақта олардың тиімділігін эксперименталды түрде тексеру жоспарлануда:

- Action Learning – топтық жұмыс форматтарында күрделі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды талдау және интерактивті пікір алмасу, сұрақтар қою арқылы басқалардың тәжірибесімен салыстыра отырып, мәселені шешудің өзіндік тәжірибесін зерттеу. Бұл ретте бір студенттің жағдайын талқылауға 30 минут бөлінеді, оның ішінде: 5 мин. – студенттің міндеттер және оны шешу үшін пайдаланылған тәсілдері туралы әңгімесі; 5 мин. – басқа білім алушылардан нақтылаушы сұрақтар; 10 мин. – мәселені шешу бойынша

ұсыныстар мен кеңестер; 5 мин. – талқылау барысында туындаған әрекет ету жоспарды жоба авторының баяндауы, 5 мин. – қатысушылардан кері байланысы. Әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту барысында осы технологияны қолдану студенттерде диалог және топта өзара қатысу мәдениетін қалыптастыруға, топ қатысушылары арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, білім алушыларда шығармашылық шешімдер іздеу дағдыларын жандандыруға, жоба авторын шабыттандыруға және оның жоба үшін жауапкершілік сезімін сақтауға мүмкіндік береді.

- Webquest – рөлдік ойын элементтері бар әлеуметтік педагогика бойынша проблемалық тапсырма, оны сәтті аяқтау үшін Интернет желісінің ақпараттық ресурстары пайдаланылады. Осындай нысанда оқу сабақтарын өткізу барысында қолданылатын тапсырмалардың келесі түрлерін қолдануға болады: қайталау; өзін-өзі тану; құрастыру; шығармашылық тапсырма; аналитикалық тапсырма; жоспарлау және жобалау; ғылыми зерттеулер; бағалау; детектив, басқатырғыш, жұмбақ оқиға; сендіру; журналистік тергеу; консенсусқа қол жеткізу. Сондай-ақ, сабақтың жекелеген элементтеріне қойылатын талаптарды бөліп көрсетейік: қатысушылардың рөлдері немесе квест сценарийі, алдын-ала жұмыс жоспары, бүкіл квестке шолу нақты сипатталуы керек; орталық тапсырмада оқушылардың өзіндік жұмысының қорытынды нәтижесі барынша нақты анықталуы керек; тапсырманы орындау үшін қажетті ақпараттық ресурстардың тізімі ұсынылуы керек.

- Appreciative Inquiry – позитивті көзқарасқа негізделген болашақ жобаны жоспарлау технологиясы ретінде сипаттауға болады. Әлеуметтік-педагогикалық мәселелер мен кедергілерді дәстүрлі зерттеудің орнына, барлық назар оқу тобының оң тәжірибесін зерттеуге аударылады. Осылайша, даму табыстың артуы арқылы жүреді. Технологияны енгізу төрт негізгі кезеңнен тұрады: 1. Discovery – энергия көзін іздеу, жетістіктерді талдау. 2. Dream – мүмкіндіктерді тұжырымдау. 3. Design – позитивті бағалауға негізделген идеалды жағдайды модельдеу. 4. Destiny – болашаққа жол жоспарлау, жауапкершілікті алу.

- World Cafe – бұл технологияның мәні кафе кеңістігінде болуы мүмкін сияқты шынайы әңгіме ортасын құру арқылы топтық пікірталасты ұйымдастыру. Студенттер жай-

лы ашық атмосферада 4-8 адамнан тұратын үстелдерде оқу жұмысын жүзеге асырады. Алдын ала сессия барысында оқытушы немесе топ анықтайтын бір немесе бірнеше әлеуметтік-педагогикалық мәселелер бойынша жұмыс жасайды. Бір әлеуметтік-педагогикалық мәселенің жекелеген мәселелерін немесе жекелеген аспектілерін талқылау үстелдерге бөлінуі керек, 10-30 минутта топ өз мәселесін талқылайды, жазба жүргізеді, сурет салады; орнында қалған «үстелдің иесі», сондай-ақ басқа үстелге ауысатын саяхатшылар анықталады. Сабақ әр 10-20 минутта 3-4 раунд қатарынан өтеді. Қортындыда – нәтижелерді ұсынады.

Қорытынды

Заманауи қоғам көптеген әртүрлі әлеуметтік сын-қатерлерге тап болып, кешенді және кәсіби шешімдерді қажет етеді. Осы контекстте әлеуметтік педагогтердің ролі маңызды, өйткені олар әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау көрсетіп, олардың интеграциясына жәрдемдеседі, сонымен бірге қоғамда позитивті өзгерістердің дамуына септігін тигізеді.

Осы орайда, әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлау үдерісі әлеуметтік интеграциямен, бейімделумен және дамумен байланысты күрделі мәселелерді тиімді шеше алатын мамандарды даярлауға бағдарлануы керек. Ол бірнеше негізгі аспектілерге негізделеді. Соның бірі жоғары білім беру саласында, жаһандану мен халықаралық интеграцияның қазіргі жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills

дағдыларын дамыту. «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының студенттері soft skills дағдылары кәсіби қызметтерінің ерекшеліктеріне байланысты маңызды рөл атқарады.

Осы мақсатқа жету үшін мақала көлемінде жоғарыоқу орындарында әлеуметтік педагогтерді даярлауда soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары негізделді: soft skills дағдыларын кәсіби маман даярлаудың маңызды компоненті ретінде «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасының мазмұнына интеграциялау жолдары анықталды; жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларында болашақ әлеуметтік педагогтерде soft skills дағдыларын дамытуға даярлығының деңгейіне шолу жасалып, болашақта жеке зерттеу жүргізілу жоспарланды; болашақ әлеуметтік педагогтерге soft skills дағдыларының тізбесі және студенттер үшін маңыздылығы, қажеттілігі эксперименталды зерттеу арқылы айқындалды; soft skills дағдыларын дамытуға әсер ететін технологиялар іріктеліп, болашақта олардың тиімділігін эксперименталды түрде тексеру жоспарланды.

Сауалнама негізінде респонденттердің көпшілігі өздерінің болашақ кәсіби өмірлері үшін soft skills дағдыларын маңызды деп санайтынын көрсетті. Осыған қарамастан, студенттердің пікірінше, жоғары білім алу процесінде soft skills дағдыларын дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Көптеген респонденттер бұл дағдыларға өздерін ие деп санайды, бірақ оларды игеруді жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісімен байланыстырмайды.

Әдебиеттер

1. Sa M. J., Serpa S. Higher Education as a Promoter of Soft Skills in a Sustainable Society 5.0 //Journal of Curriculum and Teaching. – 2022. – Т. 11. – №. 4. – С. 1-12.
2. Shaffie F., ALI R. M. D., YUSOF F. M. Conceptualization of soft skills as part of the professional socialization of social workers //Jurnal Pembangunan Sosial. – 2016. – Т. 19. – С. 101-116.
3. Кораблева Г. В. и др. Философский энциклопедический словарь. – ИНФРА-М, 1997.
4. Нечаева В. Р. Формирование гибких навыков обучающихся на уроках английского языка на основе технологии Eduscum //Вопросы современной филологии и теории обучения иностранным языкам. – 2022. – С. 53-58.
5. Perreault H. Basic business-business educators can take a leadership role in character education //Business education forum. – National Business Education Association, 2004. – Т. 59. – С. 23-25.
6. Khaouja I. et al. Building a soft skill taxonomy from job openings //Social Network Analysis and Mining. – 2019. – Т. 9. – С. 1-19.
7. Отарбаева Л.Л., Адилханова М.Т. Заманауи мұғалімнің тәжірибесіне Soft Skills технологияларын ендіру. – Ақтөбе, 2021. – 109 с.
8. Арбатская Е. А., Тарханова Е. Г. Исследование содержания понятия soft skills //Креативная экономика. – 2020. – Т. 14. – №. 5. – С. 905-924.
9. McDonagh S. T. J., Mejzner N., Clark C. E. Prevalence of postural hypotension in primary, community and institutional care: a systematic review and meta-analysis //BMC Family Practice. – 2021. – Т. 22. – С. 1-23.

10. Schott C., van Roekel H., Tummers L. G. Teacher leadership: A systematic review, methodological quality assessment and conceptual framework //Educational Research Review. – 2020. – Т. 31. – С. 100352.
11. Pang Y. et al. Effectiveness of hierarchical, diversified soft skills training in clinical nursing training //International Journal of Clinical Practice. – 2021. – Т. 75. – №. 12. – С. e14935.
12. Cinque M. “Lost in translation”. Soft skills development in European countries //Tuning Journal for Higher Education. – 2016. – Т. 3. – №. 2. – С. 389-427.
13. Shaffie F., ALI R. M. D., YUSOF F. M. Conceptualization of soft skills as part of the professional socialization of social workers //Jurnal Pembangunan Sosial. – 2016. – Т. 19. – С. 101-116.
14. Scottish Executive. The framework for social work education in Scotland. – 2003.
15. Ready set study. Soft Skills for Social Workers. – 2023.
16. Millar A., Devaney J., Butler M. Emotional intelligence: Challenging the perceptions and efficacy of ‘soft skills’ in policing incidents of domestic abuse involving children //Journal of family violence. – 2019. – Т. 34. – С. 577-588.
17. Thi H. T. Solutions for Soft Skill Training for Students in Vietnam Today //IJRDO-Journal of Educational Research. – 2023. – Т. 9. – №. 3. – С. 1-5.
18. Санатбай П. А., Шалғынбаева Қ. Қ., Тауекелова А. Е. Әлеуметтік педагогты кәсіби даярлауда Soft Skills дағдыларын дамыту мүмкіндіктері. – 2023.
19. Яркова Т. А., Черкасова И. И. Формирование гибких навыков у студентов в условиях реализации профессионального стандарта педагога //Вестник Тюменского государственного университета. Серия: Гуманитарные исследования. Humanitates.–2016.–Т. 2,№ 4. – 2016.
20. Teng W. et al. Graduate readiness for the employment market of the 4th industrial revolution: The development of soft employability skills //Education+ Training. – 2019. – Т. 61. – №. 5. – С. 590-604.
21. 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламасы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. – Шымкент, 2022. – 55 С.

References

- 6B01801 – «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» білім беру бағдарламасы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (2022). [6B01801 – educational program “Training of social pedagogues”. South Kazakhstan State Pedagogical University]. Shymkent, 55. (In Kazakh)
- Arbatskaja, E.A., Tarhanova, E.G. (2020). Issledovanie sodержaniya ponjatija soft skills [Study of the content of the concept of soft skills]. Kreativnaja jekonomika. Т. 14, 5, 905-924. (In Russian)
- Filosofskij e'nciklopedicheskiy slovar'(1999). Moscow, INFVA-M, 576. (In Russian)
- Jarkova, T.A., Cherkasova, I.I. (2016). Formirovanie gibki navykov u studentov v uslovijah realizacii professional'nogo standarta pedagoga.Vestnik Tjumenskogo gosudarstvennogo universiteta Gumanitarnye issledovanija. Humanitates. Tjumen'. 4. T.2, 222-234 (In Russian)
- José, S.M., Serpa, S (2022). Higher Education as a Promoter of Soft Skills in a Sustainable Society 5.0. Journal of Curriculum and Teaching. №11(4). P.1-12. <https://doi.org/10.5430/jct.v11n4p1>
- Khauouja, I., Mezzour, G., Carley, K. M., & Kassou, I. (2019). Building a soft skill taxonomy from job openings. Social Network Analysis and Mining. 9(1). <https://doi.org/10.1007/s13278-019-0583-9>
- Millar, A., Devaney, J., Butler, M. (2019). Emotional Intelligence: Challenging the Perceptions and Efficacy of «Soft Skills» in Policing Incidents of Domestic Abuse Involving Children. Journal of Family Violence. 34 (6), 577–588. <https://doi.org/10.1007/s10896-018-0018-9>.
- Oberhuemer, P. (2012, 25 May). Modernising higher Education through Soft Skills Accrediation. The ModES Handbook. University ofVienna. 14.
- Otarbaeva L.L., Adilhanova M.T.(2021). Zamanai mugalimnin tajribesine Soft Skills tehnologialaryn endiru [Implementation of Soft Skills technologies in the practice of a modern teacher]. Aqtöbe, 109. (In Kazakh)
- Pang, Y., Wu, Q., Bi, J., Wang, J. (2021). Effectiveness of Hierarchical, Diversified Soft Skills Training in Clinical Nursing Training. International Journal of Clinical Practice. 75(12).
- Perreault, H. (2004). Business educators can take a leadership role in character education. Business Education Forum, 59(1), 23-24.
- Sanatbai, P.A., Shalgyimbaeva, Q.Q., Tauekelova, A.E. (2023). Әлеуметтік педагогты кәсіби даярлауда Soft Skills дағдыларын дамыту мүмкіндіктері [Possibilities of developing soft skills in professional training of social pedagogue]. L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinñ HABARSHYSY. Pedagogika. Psihologiya. Aleumettanu seriasy [L.N. Gumilev Eurasian National University BULLETIN. «Pedagogy. Psychology. Sociology» Series]. 2(143), 273-284. (In Kazakh)
- Schott, C., Roekel, H., Tummers, L.G. (2020). Teacher Leadership: A Systematic Review, Methodological Quality Assessment and Conceptual Framework. Educational Research Review. 31, 100352.
- Shaffie, F., Ali, Md.R., Yusof, M.F. (2016). Conceptualization of Soft Skills as Part of the Professional Socialization of Social Workers. Jurnal Pembangunan Sosial, №19. P.101-116. <https://doi.org/10.32890/jps.19.2016.11530>
- Shaffie, F., Md-Ali, R., Yusof, F.M. (2016). Conceptualization of Soft Skills as Part of the Professional Socialization of Social Workers. Jurnal Pembangunan Sosial (Edisi Khas) Policy & Profesional Development. 101-116. <http://dx.doi.org/10.32890/jps.19.2016.11530>

Soft skills (2020). Oxford English Dictionary <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/soft-skills?q=soft+skills>

Soft Skills for Social Workers (2023). <https://readystudy.com/soft-skills-for-social-workers/>

Teng, W. et al. (2019). Graduate Readiness for the Employment Market of the 4th Industrial Revolution: The Development of Soft Employability Skills. *Education and Training*. 61(5). 590-604.

The framework for Social Work education in Scotland (2023). <http://www.scotland.gov.uk/Publications/2003/01/16202/17019>

Thi, H.T. (2023). Solutions for soft skill training for students in Vietnam today. *IJRDO-Journal of Educational Research*, 9 (3), 1-5. <https://doi.org/10.53555/er.v9i3.5606>

Yao, M., Zhou, X.Y., Xu, Z. J., Lehman, R., Haroon, S., Jackson, D., Cheng, K.K. (2021). Prevalence of Postural Hypotension in Primary, Community and Institutional Care: A Systematic Review and Meta-Analysis. *BMC Family Practice*, 22 (1), 1– 23.

Авторлар туралы мәлімет:

Санатбай Перизат (корреспондент автор) – «Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана қаласы, Қазақстан, эл.пошта: sanatbayperizat@mail.ru).

Әлқожаева Нұрсұлу – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессор міндетін атқарушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қаласы, Қазақстан, эл.пошта: nursulu.algozhaeva@kaznu.kz).

Шалғынбаева Қадия – педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана қаласы, Қазақстан, эл.пошта: kadisha1954@mail.ru).

Атем Маржан – PhD, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессорының м.а., Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау қаласы, Қазақстан, эл.пошта: atem.marzhan@mail.ru).

Сведения об авторах:

Санатбай Перизат (корреспондентный автор) – докторант 2-курса образовательной программы «Социальная педагогика», Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан, эл.почта: sanatbayperizat@mail.ru).

Альгожаева Нурсулу – кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры педагогики и менеджмента образования, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл.почта: nursulu.algozhaeva@kaznu.kz).

Шалғынбаева Кадия – доктор педагогических наук, профессор кафедры Педагогика, Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан, эл.почта: kadisha1954@mail.ru).

Атем Маржан – PhD, и.о. ассоциированного профессора образовательной программы «Педагогика и психология», Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова (г.Актау, Казахстан, эл.почта: atem.marzhan@mail.ru).

Information about authors:

Sanatbai Perizat (corresponding author) – 2nd-year doctoral student of the educational program «Social Pedagogy», L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru).

Algozhaeva Nursulu – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting professor of the Department of pedagogy and Educational Management, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nursulu.algozhaeva@kaznu.kz).

Shalgyimbaeva Kadisha – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: kadisha1954@mail.ru).

Atem Marzhan – PhD, acting Associate Professor of the educational program «Pedagogy and Psychology», Sh. Yessenov Caspian University of technology and engineering (Aktau , Kazakhstan, e-mail: atem.marzhan@mail.ru).

Келін түсті 14.12.2023

Қабылданды 01.03.2024